

## О.Жандосов атындағы негізгі орта мектебі бастауыш сынып бірлестігінің

### 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмысы туралы мәлімет

Бастауыш сынып бірлестігінде 2 мектеп алды дайындық сыныбын қосқанда 12 бастауыш сынып комплектісі бар. Бастауыш сынып оқушылары 2 ауысымда оқытылады.

Бастауыш сынып бірлестігінің мүшелері:

1. Құрбанова А	МАДС	7. Жылқыбаева Б	3 «А»
2. Омаровва А	МАДС	8. Байтүреева Р	3 «Ә»
3. Мусирова А	1 «А»	9. Мырзашева М	3 «Б»
4. Мақұлабаева Г	1 «Ә»	10. Бейсенова А	4 «А»
5. Толапбергенова Ж	2 «А»	11. Баратова Л	4 «Ә»
6. Сейтжанова Л	2 «Ә»	12. Нурманова С	4 «Б»
		13. Жанаева Р	

#### Сапалық құрамы:

Еңбек өтілі бойынша:	0-3 жыл	1	5-15 жыл	3
	16-23 жыл	5	23-35 жыл	4

Санаты бойынша:

Педагог -зерттеуші- 5

Педагог-сарапшы- 4

Педагог модератор -3

Санатсыз-1

Бастауыш сынып мұғалімдері өз мамандықтарына сай жоғары, білімді. Апталық жүктеме

1-4 сыныптарда 16 сағат. Бастауыш сынып бірлестігінде өз мамандығына сай, ісіне тиянақты карапайым ұстаздар еңбек етіп келеді. Бастауыш сынып бірлестігінің тақырыбы «Дамыта оқыту арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту».

Мақсаты:

1 Оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту, мұғалім жұмысына жаңа технология енгізу.

2 Оқушылардың қызығушылығын арттыру.

3 Оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге баулу

4 Оқу дағдыларын дамыту.

5 Жазу жұмыстарының негізін қалыптастыру.

Жылдық жоспар бойынша білімнің жаңа мазмұнын қалыптастыру бағытында жұмыс жасауды мақсат етіп қойған. Кесте бойынша ашық сабақтар мен тәрбие сағаттары өз уақытысында өткізіліп, мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмасып, бірлестік отырысында талқыланып отырады. Оқу бағдарламасы мемлекеттік стандартқа сай жасалынып, күнтізбелік жоспарлары бекітілді. Сағат саны тақырып бойынша оқу жоспарына сай жасалынған. Күнделікті сабақ жоспары кең түрде тармақталып түзілді. Оқушылардың білім деңгейін тексеруге арналған бақылау жұмыстары мен диктанттары алынып, тест тапсырмалары бойынша оқушылардың білім, біліктілігі анықталып, әр тоқсан сайын мониторинг жасалып, диаграмма түзіліп, дайындақ жұмыстары өз уақытысында алынып, қосымша сабақтар жүргізілді. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын және белсенділігін арттыру үшін мектепшілік, аудандық олимпиадаларға, жарыстарға, аудандық, облыстық ғылыми жоба байқауларына қатыстырылып, жүлделі орындарға ие болды..

4 «ә» сынып мұғалімі Л. Баратованың әдебиеттен «Ата-баба тәрбиесі» тақырыбында, 3 «б» сынып мұғалімі М. Мырзашеваның қазақ тілінен «Қыстырма сөздер» ашық сабақтарына қатысып, талдау жасалынды. Мұғалімер сабағын жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдаланып жақсы ұйымдастырған. Көрнекіліктері мен оқушылармен жұмысы жақсы ұйымдастырған.

1 «ә» сынып мұғалімі Г. Мақұлбаеваның математикадан «5 санына қосу және азайту» тақырыбында 3 «Ә» сынып мұғалімі Р. Байтүрееваның жаратылыстанудан «Тыныс алу мүшелер» тақырыбында, тақырыбында, А. Құрбанованың сөйлеуді дамытудан «Менің отбасым» тақырыбында Б. Жылқыбаеваның дүниетанудан «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында, Л. Сейтжанованың әдебиеттен «Санамак. Би. Саусақ» тақырыбында, А. Мусированың әліппеден «Ө дыбысы мен әрпі.», А. Бейсенованың әдебиеттен «Атакәсіп» тақырыбында, Ж. Толапбергенованың қазақ тілінен «Лепті сөйлем» тақырыбында, С. Нурманованың әдебиеттен «Ақылды аспаз.» А. Омарованың сауат ашудан «Дыбыстық талдау» тақырыбындағы ашық сабақтарына қатысып, талдау жасалынды. Мұғалімер сабағын жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдаланып жақсы ұйымдастырған. Көрнекіліктері мен оқушылармен жұмысы жақсы ұйымдастырған.

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты Ораз Жандосов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2024 - 2025 оқу жылындағы пән онкүндіктерінің жоспарына сәйкес 2024 жылдың қараша айының 19-шы жұлдызында "Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам" атты бастауыш пән бірлестігі онкүндігінің ашылу іс-шарасы салтанатты түрде өткізілді. Аталған апталық 2024 жылдың қараша айының 19-29 күндері аралығында өткізіледі.

Апталықтың ашылуы 3 "А" сынып жетекшісі Б. Жылқыбаеваның дүниетану сабағынан "Спорт-денсаулық кепілі" атты ашық сабағымен жалғасты.

19 қараша күні 2 сынып оқушылар арасында "Жүйрік болсаң озып көр"(Жылдам оқу) атты сайыс өткізілді. Оқушылар белсене қатысты. Жүлделі орын алған оқушылар:

I орын - Бауыржан Алихан

II орын - Зайдулла Дамир

III орын - Жаңабай Қарлыға, Сырлыбай Нұрбек

19.11.2024 ж. күні 3-4 сынып оқушылары арасында "Дойбы" үстел ойыны сайысы өтті. Сайыс қорытындысы бойынша:

I орын - 4 "А" сынып оқушысы Жайлаубай Бексұлтан

II орын - 4 "Б" сынып оқушысы Барат Дамир

III орын - 4 "Б" сынып оқушысы Умирзақ Айсұлтан иеленді.

20 қараша күні 1 ә сынып мұғалімі Мақұлбаева Гүлхан «Ә дыбысы мен әрпі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта оқушылардың деңгейіне қарай жаңашыл әдіс –тәсілдерді пайдаланды. Оқушылардың ой-өрісін дамытуға арналған ойын элементтерін көрсетті.

21.11.2024 жылы мұғалімдер арасында " Қазақтың ұлттық ойыны-тоғызқұмалақ " атты тақырыпта жарыс жоспарланды.Қазақ халқы ежелден өзінің ойын түрлеріне көп мән берген,оны ұрпақтан - ұрпаққа мұра ретінде қалдырып отырған.Ата бабаларымыз дәріптеген ұлттық ойындарымызда сан қырлылығымен ерекшеленеді.Тоғыз құмалақ - бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес сыйы,рухани құндылығы,аманаты.Бұл ойын ең жетілген спорт түрлерінің бірі ретінде адамзатты жаңа шыңдарға жетелейтін ойы кең,рухы биік,саналы тұлғаларды тәрбиелеудің қуатты құралы бола алады.Ата бабамыздан қалған ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты дәріптеу мақсатында 2024 жылдың 21 қарашасында мұғалімдер арасында жарыс ұйымдастырылды.Нәтижесінде 1 орынды дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Б.Манасов,2 орынды бастауыш сынып мұғалімі Р.Жанаева,3 орынды информатика пәнінің мұғалімі А.Қасымбеков иеленді.Оқушылар арасынан 1 орынды 3" ә" сынып оқушысы А.Жаңабай,2 орынды 3" а" сынып оқушысы М.Шералы,3 орынды 3"б" сынып оқушысы А.Мәлік иеленді.Мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс хаттар мен сыйлықтармен марапатталды.

Қараша айының 20-шы жұлдызында Нурманова Сауле 4 "Б" сыныбына Әдебиеттік оқу пәнінен "Кітап - асыл қазына (ертегісі)" тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабақ барысында оқушыларға жеке жұмыс және топтық тапсырмалар беру арқылы оқушылардың тапсырма орындау деңгейін анықтады. Аталған ашық сабаққа директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары П.Абдрахманова, мектеп директорының бейіндік істері жөніндегі орынбасары Р.Муталиева және бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Қараша айының 21-ші жұлдызында 1 "А" сынып жетекшісі А.Мусирова математикадан "10-ға дейінгі сандарды қосып ,азайту " тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабақтың мақсаты: " 10 көлеміндегі сандарды қосып, азайтуды меңгерту".

Сабақ оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлаудан басталып, түрлі ойындармен жалғасты.

21 қарашасында 3 б сынып жетекшісі Мырзашева М математика пәнінен "Симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралар" тақырыбында ашық сабақ өткіздім.Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:3.3.1.1симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру." Үш қадам" әдісі арқылы оқушылармен психологиялық ахуалды жақсартып алдым.Жаңа сабақты ұлттық ою-өрнек түрлерін пайдалана отырып,симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралардың түрлерімен таныстырып,оқушылармен жеке жұмыс жасалынды.Әр оқушы өзіне берілген ою- өрнек пен фигураларды беттестіріп,бүктеу сызығы-ось деп аталатындығын біліп,симметриялы,симметриялы емес фигуралар екендігіне көз жеткізіп айыра білді."Шаңырақ ойыны" әдісі арқылы топтық жұмыстарда оқушылар жаңа тақырыптың мазмұнын аша білді. "Ойлан,жұптас,ақылдас" әдісі арқылы жұптық жұмыста фигуралардың жарты суретін салып,симметриялы фигураларды жалғастырып сала білді.Ауызша сұрақ- жауап алу әдісі арқылы сабақ қорытындыланды."Бағдаршам" әдісі арқылы рефлексия,кері байланыс жасалынды.

22 қараша күні 3 ә сынып жетекшісі Байтүреева Р қазақ тілі пәнінен «Түбір мен қосымшаның жазылуы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта ұжымдық, топтық, жеке, және жұптық жұмыстар жүргізілді. «Зымыран» әдісі арқылы сабақты қорытындылады.

22 қараша күні 2 сынып оқушылары арасында «Алтын күз» тақырыбында сурет байқауы өтті. Балалар күзгі табиғатты бейнелеп салды. Әрбір сурет өздігінше ерекші болды. Бір-бірінен әдемі суреттер салды. Байқауға қатысқан оқушылар марапатталды.

- 1 орын Бақыт Зере
- 2 орын Бақытжан Дінмұхаммед
- 3 орын Қалтай Тұрсынай

22 қараша күні 4 ә сынып жетекшісі Баратова Л «Үш таңбалы сандарды көбейту алгоритмі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ жоспары талапқа сай құрылған. Оқушыларға үш таңбалы сандарды көбейту жолдарын әр түрлі әдістермен түсіндірді.

25 қараша күні "Абай оқулары" мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Абай Құнанбаевтың өлең, жырларын мәнерлеп, нақышына келтіріп оқу. Үздік оқыған оқушылар марапатталды.

25 қараша күні 2"Ә" сынып жетекшісі Сейтжанова Лаззат әдебиеттік оқу пәнінен "Санамақтар" тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалім сабақта тиімді әдістерді пайдаланды. Оқушыларды толығымен сабаққа қамтыды. Топтық, жұптық, жеке жұмыс жүргізді.

26 қараша күні 4 "А", "Ә", "Б" сыныптар арасында "Толағай" спорттық сайысы болып өтті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Таушаев Бағлан мен Тағаев Серіктің ұйымдастыруымен сайыс қызықты да тартысты өтті. Нәтижесінде "Ұлар" тобы - 1 орын, "Қыран" тобы - 2 орын, "Жалын" тобы - 3 орынға ие болды және алғыс хаттармен марапатталды.

27 қараша күні МАД тобының жетекшісі Омарова А сауат ашу пәнінен «Дыбыстық талдау» тақырыбында ашық сабақ өтті. Балалардың сөздік, тілдік қорларын дамытуға байланысты тапсырмалар берді. Балалар сурет бойынша сөйлем құрады.

27 қараша күні бастауыш сынып мұғалімі Рабиға Жанаева МАД тобы мен 4 сыныптар арасында ата-аналармен бірге "Екі жұлдыз" отбасылық сайысын өткізді.

Қатысушылар 5 кезең бойынша сайысқа түсті:

1. Таныстыру
2. Өз өнерін көрсету
3. Сұрақ-жауап
4. Қолдан жасалған бұйым (қолөнер)
5. Дефиле

Сайыс өте тартысты өтті. Әділқазы алқалары жас ерекшеліктерін ескере отырып, әділ бағалап, жүлделі орындарды табыстады. Үздік қатысушылар марапат қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталды.

27 қараша күні 2 а сынып жетекшісі Толапбергенова Ж қазақ тілінен «Сұраулы сөйлем» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалімнің сабақ жоспары талапқа сай құрылған. Сабақта топтық, сұрақ-жауап, ойын әдіс-тәсілдерді қолданды.

27 қараша күні 3-4 сыныптар арасында "Пушкин оқулары" атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Іс-шараның мақсаты: оқушылардың әдеби шығармаларды түсінуін арттыру,

көркемсөз оқу шеберлігін дамыту. Оқушылардың орындау шеберлігін әділ қазылар алқасы бағалады.

1-орын Мухан Махинур (4 "А" сынып) "Руслан и Людмила поэмасынан үзінді.

2-орын Сейтжаппар Ақұлпан (3 "Ә" сынып) "Қыс" өлеңі.

3-орын Ордабай Арай (4"Б" сынып ) "Таң" өлеңі.

Сайыс соңында белсенділік танытқан балаларға мектеп директорының бейінді істері жөніндегі орынбасары Р.Муталиева және бастауыш сыныптар бойынша оқу орынбасары П.Абдрахманова мақтау қағаздарды табыстады.

29 қараша күні 4 а сынып жетекшісі Бейсенова А қазақ тілінен «Сөз және оның мағынасы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалімнің сабақ жоспары талап тұрғысына сай жоғары деңгейде құрылған. Сабақта жасанды интеллект әдіс-тәсілдерін жақсы қолдана білді. Тапсырмалар нақты, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланды. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты.

"Білім беруді геймификациялау-сапалы білім беру кепілі"тақырыбындағы аудандық іс - шарасын негізге ала отырып Ораз Жандосов атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы бастауыш сынып бірлестігінің 18-29 қараша аралығында өткізілген" Білім жолын бастаған,бастауышым бастамам" атты он күндік іс-шарасы өз мәресіне жетті. Онкүндіктің жабылуына орай концерттік бағдарлама өткізілді. Концерттік бағдарламада Өмірәлі Айткүл «Қазағым» әні және Талғат Раяна «Ұстазым» әнін орындады. Ағылшын пән мұғалімдерінің жетекшілігімен бастауыш сынып оқушылары «Бауырсақ» ертегісінен көрініс көрсетті.

3 "А" сынып оқушылары қазақ биін биледі.

3"Ә" сынып оқушылары өзбек биін биледі.

Іс-шара соңында белсенді қатысқан оқушылар мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс хаттармен марапатталды.

Бұл онкүндік бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттері мен ауыз біршілігінің арқасында жеткен жетістіктері деп айтуға болады.

Аудан көлемінде ұйымдастырылған «Атын тұғыр»олимпиадасынан Толапбергенова Жұлдыз І орын алды және оқушысы Бауыржын Алихан «Бастау» Республикалық балалар олимпиадасынан ІІІ орын алды. Жылқыбаева Бибіжанның оқушысы Шералы Мұқағали «Бастау» Республикалық балалар олимпиадасынан ІІ орын алды. Мырзашева Майраның оқушысы Нұрғали Ақтөре «Атын сақа» олимпиадасынан І орын, Бейсенова Айгүлдің оқушысы Бауыржан Айару ІІІ орын иеленді. Оқушылар онлайн олимпиадаларына қатысып жүлделі орындар алды.Мектебіміз бойынша мұғалім жетістігі мен оқушысы бойынша рейтинг ең жоғары болып мектеп директоры тарапына марапатталды.

Бастауыш сынып әдіс бірлестігі:

Б.Жылқыбаев